



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 11 қараша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтерін электрондық түрде көрсету

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мүдделі тұлғаларға «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтерін электрондық форматта алу мүмкіндігінің бар екенін жеткізеді. Ұлттық Банк көрсететін барлық 39 мемлекеттік қызмет бойынша оны көрсетудің электрондық нысаны көзделген.

Ағымдағы мемлекеттік қызмет көрсету барысында Ұлттық Банк «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті алушыдан деректерді ғана алып қоймай, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін де береді.

Мемлекеттік қызметті электрондық түрде көрсету мемлекеттік қызметті көрсету барысын айтарлықтай жеңілдетуге, оны алу уақытын қысқартуға, көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен тікелей байланысын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Ұлттық Банк мемлекеттік қызмет көрсету барысын одан әрі жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыратынын, оның шеңберінде ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру, дерекқорды толтыру үшін мәліметтерді цифрлау, мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсету мүмкіндігі, барлық мемлекеттік қызметтерді тек электрондық форматқа аудару көзделетінін хабарлаймыз.

Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтерін алу туралы толық ақпарат Ұлттық Банктің сайтында «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде қолжетімді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz